

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 6 қазандағы N 291-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 89-ө Өкімі "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 6 қазандағы N 291-ө өкіміне мынандай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақтағы "мемлекеттік органдар тиісті ведомстволық" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, тиісті бірлескен" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген өкіммен бекітілген "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесінде:

реттік нөмірлері 2, 3, 5-жолдардағы:

"Акт нысаны" деген 3-бағандағы "Мемлекеттік органдардың бұйрықтары" деген сөздер "Бірлескен бұйрық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Орындау мерзімі" деген 5-бағандағы "2007 жылғы желтоқсан" деген сөздер "2008 жылғы сәуір" деген сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министр

К.Мәсімов